



САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады • www.sarkan-gazeta.kz • e-mail: Igiman01@mail.ru • №39 (9489) 7 қазан 2022 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!
2022 жылғы 20 қараша

Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы

Сайлауға қатысуға конституциялық құқықты іске асырудың кепілі Сіздің сайлаушылар тізіміне енгізілуіңіз болып табылады.

Тізімдерді дауыс беруге арналған нақты учаскесінің аумағында тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеу негізінде жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) жасайды. Тұрақты тіркеуі жоқ азаматтар тізімдерге олардың орналасқан жері бойынша әкімдіктерге берген өтінішінің негізінде енгізіледі.

Дауыс беру күні тіркелген жері бойынша сайлау учаскесіне келе алмайтын әрбір азамат дауыс беру күніне бір ай қалғанда, яғни 2022 жылғы 20 қазанынан кешіктірмей тиісті әкімдікке өтініш беріп, олардың нақты орналасқан жері бойынша сайлау учаскесінде тіркелуге құқылы.

Өтініш түскен кезде әкімдік азаматты тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды және оны дауыс беретін учаскенің тізіміне енгізуді ұйымдастырады.

Осы құқықты:

- дауыс беру күні тіркелген жері бойынша болмайтынын білетін азаматтар;
- басқа қаладан келген, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында оқитын, жатақханалардан тыс тұратын студенттер;

- вахталық әдіспен жұмыс істейтін азаматтар пайдалана алады.

Азамат сайлаушылардың бір ғана тізіміне енгізіле алады.

Сайлаушылар тізіміне тіркелген жеріңіз бойынша енгізілгеніңізді тиісті әкімдіктің сайты немесе Call-орталығы арқылы тексеруге болады.

2022 жылдың 4 қарашасынан бастап Сізге өз учаскеніңдегі сайлаушылар тізіміндегі деректеріңізді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Құрметті сайлаушылар!

Сіздерді құқықтық сауаттылық танытып, өзіңіздің сайлауға қатысуға конституциялық құқығыңызды іске асыруға шақырамыз!

Өзіңізді сайлаушылар тізіміне енгізу үшін қажетті заңдық маңызы бар әрекеттерді уақтылы қабылдаңыз!

ӨРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

ОБРАЩЕНИЕ ЦЕНТРАЛЬНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

УВАЖАЕМЫЕ ИЗБИРАТЕЛИ!
20 ноября 2022 ГОДА

Внеочередные выборы Президента Республики Казахстан

Гарантией реализации конституционного права на участие в выборах является включение Вас в список избирателей.

Списки составляются местными исполнительными органами (акиматами) на основании постоянной регистрации по месту жительства на территории конкретного участка для голосования. Граждане, не имеющие постоянной регистрации, включаются в списки на основании поданного заявления в акиматы по месту нахождения.

Каждый гражданин, который не будет иметь возможность прибыть в день голосования на избирательный участок по месту своей регистрации, не позднее чем за месяц до дня голосования или 20 октября 2022 года, вправе подать заявление в соответствующий акимат и зарегистрироваться на избирательном участке по месту своего фактического нахождения.

При поступлении обращения акимат организует исключение гражданина из списка избирателей по месту регистрации и включение его в список того участка, на котором он будет голосовать.

Воспользоваться данным правом могут:

- граждане, которым известно, что в день голосования они не будут находиться по месту регистрации;
- иногородние студенты, обучающиеся в средних специальных и высших учебных заведениях, проживающие вне общежитий;
- граждане, работающие вахтовым методом.

Гражданин может быть включен только в один список избирателей.

Проверить включение себя в список избирателей по месту регистрации можно через сайт или Call-центр соответствующего акимата.

С 4 ноября 2022 года Вам будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке избирателей на своем участке.

Уважаемые избиратели!

Призываем проявить правовую грамотность и реализовать свое конституционное право на участие в выборах!

Своевременно примите необходимые юридически значимые действия по включению себя в список избирателей!

ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!

Күзгі науқан қарқын алды

Биылғы көктемгі мол жауын-шашын күзгі берекенің негізін қалағандығы сөзсіз. Ауыл еңбеккерлері алтын астыққа орақ түсіріп, қызу қарқынмен жұмыс жүргізуде. Сарқан ауданында 122 мың тоннадан астам астық қамбаға түсті. Саялы өңірдегі дәнді дақылдарды жинау науқаны әлі жалғасуда.

Жалпы, өңірде егістіктің көлемі 98 мың гектардан асады. Оның ішінде 58 931,7 гектары дәнді дақылдарға тиесілі.

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі берген мәліметтерге сүйенсек, қазір жиналуға жататын 58 мың гектардан астам дәнді масақ жиналып, одан 122 мың тоннадан астам өнім қамбаға түскен. Орташа өнімділік 22,6 центнерді құрады. Атап айтқанда, күздік бидай 15 077 га - 25 085 тонна, жаздық бидай 7 979,6 га - 17 412 тонна, жаздық арпа 29 642 га - 77 107 тонна, сұлы 284 га - 637,7 тонна, тары 1069 га - 1816 тонна және қарақұмық 26 га - 31,2 тонна өнім алынған. Бұл көрсеткіштер өткен жылмен салыстырғанда астықтың тоннасы біршама артқандығын көрсетеді.

Қазіргі таңда егістік жинау науқаны кесте бойынша жүргізіліп, бүгінгі күні сорго, жүгеріден бөлек қант қызылшасын жинау науқаны қарқын алды.

"Алдағы жылдың өніміне себілетін күздік бидайдың жо-



спары 15 077 гектарды құрап отыр. Оған қажетті тұқым мөлшері 3 769,4 тонна бүгінгі күні тұқым тексеру жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі уақытта тексеріске 2862 тоннасы өткізіліп, оның 2157 тоннасы тексеруден өтті", - дейді аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Жандос Өмірсадық.

Биылғы жылы себілген ауыл шаруашылығы дақылдарының көлемін арттыру мақсатында, ауданымыз «ҚазАзот» ЖШС мен «ҚазФосфат» ЖШС - нен 4637,8 тонна болатын минералды тыңайтқыштар сатып алған. Сонымен қатар аудан бойынша сүдігер жырту жоспарын 90%-дан асырған.

Өз тілшіміз.

БАСПАСӨЗ - 2023

Ауданның қоғамдық-саяси "Сарқан" газетіне келесі жылға жазылу науқаны басталды.

**ЖЕКЕ ЖАЗЫЛУШЫЛАР ҮШІН
ИНДЕКСІ 65202, ЖЫЛДЫҚ
БАҒАСЫ - 3021,72 ТЕҢГЕ.**

**ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ҮШІН
ИНДЕКСІ 35202, ЖЫЛДЫҚ
БАҒАСЫ - 2225,08 ТЕҢГЕ.**

**МЕКЕМЕ-ҰЙЫМДАР ҮШІН
ИНДЕКСІ 15202, ЖЫЛДЫҚ
БАҒАСЫ - 3381,04 ТЕҢГЕ.**

Газетке Қазпошта бөлімшесінде, "Сарқан" газеті редакциясында жазылуға болады.

САРҚАН

Жолдау – өрлеу өзегі

Ең төменгі жалақы мөлшері артады

Қазақстанда ЕТЖ деңгейі 60 мың теңгені құрайды.

Қазақстан Республикасында ең төменгі жалақы ең төменгі әлеуметтік стандарт болып табылатынын айта кету керек. Бұл ретте, жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеудің төменгі шегі ретінде ЕТЖ мөлшері барлық жұмыс берушілер үшін міндетті болып табылады.

ЕТЖ тиісті қаржы жылына жыл сайын Республикалық бюджет туралы ҚР Заңымен белгіленеді және ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен болмауы тиіс.

Мемлекет Басшысы Қазақстан халқына Жолдауында ең төменгі жалақы 70 мың теңгеге дейін ұлғайтылатынын айтып өтті.

Ең төменгі жалақы өскен жағдайда бұл деңгейде жалақы алатын 1,8 млн. адамды тікелей қамтуға мүмкіндік береді.

Бұл сондай-ақ қызметкерлердің разрядтары мен біліктілігінің еңбекақы төлеудің өсуіне ықпалын ескере отырып, жалақы алатын азаматтардың табысын ең төменгі жалақыдан жоғары деңгейде арттыруға мүмкіндік береді.

Мемлекет Басшысы сондай-ақ Үкіметке динамикалық тәсілге негізделген және негізгі экономикалық көрсеткіштерді ескеретін ең төменгі жалақыны анықтау әдістемесін енгізуді тапсырды.

Бұл тапсырма уақытылы және өзекті болып табылады, өйткені инфляция бір орында тұрмайды, азық-түлік, тауарлар бағасы қымбаттайды. Осыған байланысты әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді ескеретін әдістеме негізінде ЕТЖ мөлшерінің мөлшерлес өсуін қамтамасыз ету қажет.

Повышение размера минимальной заработной платы

Стоит отметить, что в Республике Казахстан минимальная заработная плата (далее - МЗП) является минимальным социальным стандартом.

При этом, размер МЗП, в качестве нижней границы оплаты труда работников, является обязательным для всех работодателей. МЗП устанавливается ежегодно на соответствующий финансовый год законом РК о республиканском бюджете и не должен быть ниже прожиточного минимума. В своем Послании народу Казахстан Глава государства озвучил, что МЗП будет увеличена до 70 тыс. тенге.

Это позволит прямым образом охватить 1,8 млн. человек, получающих заработную плату на уровне МЗП. Это также позволит повысить доходы граждан, получающих заработную плату на уровне выше МЗП, с учетом влияния разрядов и квалификации работников на рост оплаты труда.

Также Глава государства поручил Правительству внедрить методику определения минимальной заработной платы, базирующейся на динамичном подходе и учитывающей основные экономические показатели.

Данное поручение является своевременным и актуальным, так как инфляция не стоит на месте, цены на продукты питания, товары дорожают.

В этой связи необходимо обеспечить соразмерный рост размера МЗП на основе методики, учитывающей социально-экономические показатели.

Қауіпсіз балық аулау

Балық аулау демалыстың керемет түрі, алайда қауіпсіздік ережелерін сақтамасаңыз ол өте қауіпті. Шағын көлемді кемелер немесе қайықтармен балық аулау және аң аулау алдында, қайыққа отырмас бұрын оның ескектерінің және олардың бекіткіштерінің, сонымен қатар құтқару шеңбері мен суды сарқып алу үшін ожаудың болуын қадағалап қарап алу қажет. Қайыққа отырды аса сақтықпен жүргізу қажет. Ортасынан басып, отырғышқа бірқалыпты отыру керек. Шағын көлемді кемелердің немесе қайықтың бортына отыруға, бір орыннан екінші орынға ауысуға, бір қайықтан екіншісіне отыруға, қайықты шайқауға, одан суға секіруге немесе сүңгуге қатаң тыйым салынады. Сонымен қатар, қайықтағы адамдар жеке құтқару құралдарын (құтқару жилеттері, кеудешелері) киіп отыруы қажет.

Шағын көлемді кемелер мен қайықтармен балық аулау және аң аулау кезінде сақталуы тиіс қарапайым қауіпсіздік ережелері:

1. Өзімен бірге міндетті түрде медициналық қобдиша, қолшам, жергілікті жердің картасы, өзінің орналасқан орыны туралы хабарлағыш құралдарының болуы тиіс.

2. Балық немесе аң аулау орнын мұқият тексеріп қарап алу.

3. Мас күйінде немесе есірткіге масайған күйде балық немесе аң аулауға қатаң тыйым салынады.

4. Қайықтың жарамдығын тексеру, оны құтқару жилеті, құтқару шеңбері мен белдіктермен жабдықтау.

5. Қайықта шелектің немесе ондағы суды сыртқа шығару үшін ыңғайлы басқа да ыдыстардың болуы.

6. Балық немесе аң аулауға керекті құрал-жабдықтарды кеме бортының бойына, ал қалған бұйымдарды (киім, қолсәмке, чемодан) қайықтың отырғышының астына, тұмсығына немесе артқы бөлігіне жинақы орналастырыңыз.

А.ТУСУПБЕКОВ,

Сарқан ауданының ТЖБ инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

Несанкционированное сжигание мусора – причина пожара

В пожароопасный период осложняется обстановка с пожарами. Как правило, в этот период происходит несанкционированное сжигание мусора, сухой травы и стерни. Причинами загораний сухой растительности являются незатушенные костры, небрежно брошенные окурки и спички, умышленное сжигание сухой травы и мусора. В связи с этим выезжая на природу, строго соблюдайте правила пожарной безопасности.

Отдел по ЧС Сарканского района напоминает, что несанкционированное сжигание мусора влечет за собой штраф в размере 20 месячных расчетных показателей согласно ст.336 Кодекса об административных правонарушениях Республики Казахстан «Несоблюдение требований по охране атмосферного воздуха и пожарной безопасности при складировании или сжигании отходов».

Жители Сарканского района помните, Пожар легче предупредить, чем потушить!!!

Е.ИСАГАЛИЕВ,

главный специалист ОЧС Сарканского района, капитан гражданской защиты.

9 қазан – Дүниежүзілік пошта күні

Сапалы қызмет – біздің міндет

9 қазан – пошташылардың төл мерекесі. Дүниежүзілік пошта күні - Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінде атап өтілетін халықаралық күндердің бірі. Тәуелсіздік алған 31 жылдың

ішінде аудандық пошта ұжымы да біршама жетістіктерге жетті. Бұл жетістіктерде сөз жоқ ұжым қызметкерлерінің ерен еңбегі, жүйелі жұмысы жатқандығы белгілі.

Аудандық Қазпошта қазір заманға сай жабдықталған деп айтуымызға толық негіз бар. Поштаның әр қызметкері тұтынушыға сапалы қызмет көрсетуді негізгі міндеті санайды. Қазіргі таңда аудандық «Қазпошта» ұжымында 60-қа жуық адам тұрғындарға қалтқысыз қызмет жасап, ұжым абыройын асқақтатып келеді. Алмалы, Қарабөгет, Көкжиде ауылдарының пошта басшылары Сабира Әуелбаева, Сарқыт Дүйсембаева, Көшерхан Дүйсембекова және қала бойынша пошта тасымалдаушы Галина Задорожная, Татьяна Беляева, Татьяна Рассоха, Әймен Байсейтова сынды өнегелі жұмыстарымен көпке үлгі болып жүрген бірқатар жандар ұжым мақтанышы. Біраз күш пен жігер талап ететін бұл мамандық иелері әрқашан да құрмет пен қошеметке лайық.

Барлық қызметкерлерді кәсіби мерекелерімен құттықтай отырып, отбасыларына амандық, шаңырақтарына шаттық тілеймін. Әрдайым ел алғысын ала беріңіздер!

Д.ІЛІМХАНОВ,

аудандық пошта байланыс торабының басшысы.

Орманды қорғау басты міндетіміз

Дүниедегі тіршілік атаулының өмір сүретін мекені - қоршаған ортамыз. Сондықтан қоршаған ортаны, яғни табиғатты, жеріміздің жасыл өкпесі – орманды қорғау - баршамызға ортақ міндет. Жалпы, қоршаған орта дегеніміз – біздің күнделікті өмір сүріп жатқан табиғатымыздың аясы. Табиғат аясына өсімдіктер дүниесі, жан-жануарлар әлемі, жер, су және


ондағы тіршілік иелері кіреді. Қоршаған ортаға сырттан қандай да бір әсер болып, зиян келетін болса, онда табиғат аясындағы тіршілік иелері зардап шегеді.

Негізінен қоршаған ортада табиғаттың тепе-теңдігін сақтайтын жануарлар дүниесі мен өсімдіктер әлемі болып табылады. Зер салып қарасақ, табиғаттағы әрбір тіршілік иесінің табиғат тепе-теңдігін сақтауда алатын өзіндік орыны бар. Өзен мен көл, теңіз де солай. Біздің табиғат аясындағы аңдар мен құстарды қызғыштай қорғауымыздың басты себебі, міне, осында. Айталық, құстар жойылып кететін болса, онда орман, тоғайды ұсақ зиянкестер мен құрт-құмырсқа басып кетіп, орманға зиян келтіруі мүмкін. Сол секілді өзен, көл орынсыз пайдаланудың әсерінен тартылып, табиғаттың тепе-теңдігінің бұзылуына әкеліп соғады.

Өзіндік ерекше, қайталанбас, әсем флорасы мен фаунасы бар Аманбөктер орман шаруашылығында біз тұрақты түрде рейдтерге шығып, орманды негізінен адами фактор әсерлері - өрттен, қасақылықтан қорғау мақсатында көптеген жұмыстар жүргіземіз. Оның ішінде экологиялық ағарту шаралары да бар. Жалпы, қалыпты экологиялық жағдай дегеніміз ауаның ластанбауы, судың тазалығы, тіршілік етіп жатқан мекеніміздің өмір сүруге қолайлы болуы, соның ішінде табиғат байлығын көздің қарашығындай қорғай білу болып табылады. Осыны әрбір азамат естен шығармағаны дұрыс. Ең маңыздысы — табиғи ресурстарымызды ретімен пайдаланып, сақтай білу. Сондықтан орманды қорғау, оны келер ұрпаққа сол күйінде табыстау біздің басты парызымыз.

Ж.АҚЖОЛОВ,

Аманбөктер орманшылығының орман шебері.

Қоғамдық объектілердегі өрт қауіпсіздігі

Көп жағдайларда адамдар көп болатын объектілерде өрт шыққан кезде әрекет ету ережелері туралы адамдардың түсінігі болмайды. Қазіргі заманғы адамдар көп жиналатын барлық объектілердің өрт жүктемесі аса жоғары және өрт шыққан жағдайда от пен жану өнімдері барлық бөлмелерге тез таралып, оларды өте жылдам толтыра отырып, өмірлік маңызды оттегін ығыстырады. Улы газдың кішкене ғана концентрациясымен дем алған жағдайда адам өліп кетуі мүмкін екенін есте сақтау қажет. Өйткені, көптеген өрттерде адамдар жоғары температура әсерінен емес, түтінмен тұншығудан өледі.

Түтінмен тұншығу – жану өнімдерінің адамның тыныс алу жүйесіне ену процесі, бұл бөлмедегі өртте адам өлімінің негізгі себебі болып табылады. Ыстық түтін тыныс алу жүйесіне еніп, тыныс алу мүшелерінің күйіне әкеледі. Улы газ, цианидтер және басқа да жану өнімдері ағзаны улап, тыныс алу жүйесінің қатты тітіркенуі мен ісінуіне себеп болады.

Адамдар көп жиналатын барлық объектілер хабарлау жүйесімен, автоматты өрт сигнализациясымен, сондай-ақ аумағына байланысты түтін жою жүйесімен және автоматты өрт сөндіру жүйесімен жабдықталуы керек.

Егер сіз қауіпсіздік жүйесінен ескерту естісеңіз жақын маңдағы шығу жолына асықпай бет алуыңыз қажет, шығу жолдары көшіру жолындағы арнайы белгілермен көрсетіледі. Белгілерге мұқият қараңыз. Дүрбелеңге түспеңіз және тобырдың қауіптілігін есте сақтаңыз. Адамдардың көбісі дүрбелеңге түскен сайын, қасындағы адамдар үшін қиындықтар туындайды.

Е.ТУРСУНОВ,

Сарқан ауданының ТЖБ бастығы, азаматтық қорғау майоры.

Құс тұмауы



Құс тұмауы (лат. Grippus avium) – бұл құстардың классикалық обасы, өткір жұқпалы вирустық ауру, ол ас қорыту, тыныс алу органдарын зақымдайды, шамамен 56% өліммен аяқталады. Алғаш рет оған 1878 жылы италиялық ветеринар Эдуардо Перрончито назар аударған. 1901 жылы ғалымдар қоздырғыштың табиғаты вирустық екенін анықтайды. Тек жарты ғасырдан кейін ғана 1955 жылы «құс обасы» – тұмау вирусы екендігі ресми түрде дәлелденеді. Ал 1971 жылы бұл ауру «құс тұмауы» деп аталады.

Құс тұмауы індеті қоздырғышы

H5N1 штаммымен тарайтын жұқпалы аурушандық. Ол құстарға соның ішінде кейбір үй құстарына жұғып, оларды күту, етін бөлшектеу кезінде адамға да жұғуы мүмкін. Жабайы құстар, әсіресе суда жүзетін үйрек, қаздар індеттің таралу көзі болып табылады. Үй құстарының ішінде бұл індетке тез шалдығып, індет көзі болатын тауықтар мен күрке тауықтар. Олар тұмауды тез жұқтырып, жаппай қырылып қалады. Құс тұмауының жұқпасы адамдарды қауіпті ауруларға шалдықтырады және өлім-жітім пайызы өте жоғары. Үй құстарындағы құс тұмауының белгілері:

Құстар төбеті жоғалып, жемнен бас тартады, бұлшық еттерінің жансыздануына, яғни параличке ұшырауына байланысты, қанаттары салбырап, жүргенде шатқаяқтап, сүріне береді. Мойыны салбырап, бастары 180 градусқа бұрылып кетуі де мүмкін, тамағы мен айда-

ры ісініп, мұрындарынан су ағып, тұшкіре береді. Адамдардағы белгілері: Көдімгі маусымдық тұмауға ұқсас болып келеді, бірақ әлдеқайда ауыр түрде өтеді. Дене қызуы 39-40 градусқа дейін көтеріліп, жөтел пайда болып, тамағы ауырады, бұлшық еттері қақсайды, мұрыннан су ағып, тыныс алу қиындайды. Адам өміріне қауіпті асқинуларға мыналар жатады: жүрек, бүйрек, өкпенің қабынуы, өкпеге су толып, адамның өлімге ұшырауы.

Жұғу жолдары:

Адамдар ауру құстармен қатынас кезінде, яғни, оларды күту, қораны жинау, ауа тамшы арқылы, көздің шырышты қабығына, тыныс алу жолдарына шаң-тозаңның түсуі, құс етін бөлшектеу, мамығы мен жүнін түту, етін өңдеу кезінде жұғуы мүмкін. Жұқпаның адамнан адамға берілу жағдайлары нақтылы тіркелген жоқ. «Сақтансаң, құдай сақтайды» демекші, әрбір адам қарапайым сақтану шараларын білуі қажет:

- Құстардың арасында ауру белгілері байқалған жағдайда, жедел түрде жергілікті ветери-

нар қызметкерлеріне, медицина, санитарлық эпидемиологиялық қызмет мамандарына хабарлап, ауырған құсты дереу оқшаулау;

- Ауырған құстарды, өлекселерді жедел түрде өртеп немесе терең көміп, тұрған орындарын тазалап, залалсыздандыру шараларын жүргізу;
- Тірі құстарды, олардың өнімдерін тасымалдауда, сақтауда, сатуда ветеринариялық-санитариялық ережелерді қатаң сақтау;
- Құс етінен, жұмыртқадан тағам даярлағанда толық пісіріп жеу (еттің ішкі температура-сы +70градустан кем болмауы керек).

Құс тұмауының белгілері біліне бастаса, дереу дәрігерге қаралу. Құс еті мен құс өнімдерін, шыққан жері белгісіз көше саудагерлері мен ветеринариялық құжаты жоқ жерлерден алуға мүлде болмайды.

Ветеринариялық іс-шараларына сұрақтарыңыз болса келесі телефон номеріне хабарласуыңызды сұраймыз. Сарқан аудандық ветеринариялық станциясы : 2-18-02.

Ең танымал туристік маршруттар

«Жоңғар-Алатауы» МҰТП-де 13 туристік маршрут бар, бірақ олардың ішінде ең танымалдары да бар.

Ұлттық парктің інжу-маржаны болып Төменгі Жасылкөл көлі саналады. Лепсі елді мекеніне жақын теңіз деңгейінен 1630 м биіктікте орналасқан. Көл бетінің аумағы – 100 га жуық, ұзындығы – 1800 м, ені – 400 м, тереңдігі -90 м-ге жуық. Көлдің шығыс және батыс жағасы




Сиверс алмасының сақталып тұрған аймағы болып табылатын № 3 туристік маршрут «Ғылыми танымдылық туры».

Маршрут бойында парктің 1,5% жабайы жемісті Сиверс алма ағашының табиғи түрде өсетін ормандар алқабы алып жатқан жерлері мен генетикалық резерваттары және Жоңғар Алатауының шыршалы-самырсын орман белдеуінің өсем көріністері мен өзен шатқалдарының табиғат көріністері тамашаланады.



«Жоңғар-Алатауы» МҰТП рекреация, туризм инженері.

құламалы, таулы-тасты, суы өте салқын. Жасылкөл көлі – жер сілкінісі салдарынан тасты көшкін Ағынықатты өзен арнасын бөгеп, басып қалғаннан өте үлкен, әсерлі және өте көркем көл пайда болған. Оған баратын жолдарында да әдемі көріністер көруге болады. Яғни таудың жоталарында өсіп тұрған тізқатар қарағайлар, қар еруімен жиналған көлшіктер көруге болады.



Альпинистер бағындырып жүрген № 4 туристік маршрут «Шумский мұздығы».

Маршрут бойынша негізгі көрініс нысаны өсімдік түрлеріне бай Кіші Басқан өзенінің шатқалы болып табылады. Маршруттың жоғарғы (Шумский мұздығы теңіз деңгейінен 4000 м) және төменгі (1500 м) биіктік белгілерінің айырмашылығы 2500 м құрайды.

Н. МУХАНОВ,

Мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер

307 224 анықтама);

- «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);

- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);

- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);

- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);

2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады kgd.gov.kz (<https://kgd.gov.kz/ru/app/culstaxarear-search-web>);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды

тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Заңды тұлғалар» мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімінен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жеке мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылғы 21 қазанда № 21463 Әділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есебі бойынша тұлғаның өкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың өкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы өкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлдың біл» атты қосымшадағы Комитеттің <http://qamqor.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзінің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызыметімізді оңайлатып және жеделдетіп порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға бару жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты

электрондық сұрау жолдай алады. Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның форнт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Т.ОМАРХАНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша басқармасының қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру прокуроры.

ҚАБАНБАЙДЫҢ ЖӘНІБЕКТИ СЫНАУЫ

Қытай Халық Республикасының Шынжаң өлкесінде тұратын қазақтар арасында ер мұраты, жер тағдырына байланысты жырлар көп кездеседі. Солардың бірі – туғанына 330 жыл толуы тойланып жатқан батыр бабамыз «Қабанбайдың Жәнібекті сынауы» атты өлең. Гибраты мол осы дүниені оқырман назарына ұсынамыз.

Алардай айбыны бар тағып айды,
Хан болған қазағыма тағы «майлы».
Қазақтың басын қосып жауын жеңген,
Кім білмес Әбілмансұр – Абылайды.

Аңғал жан аптықса, өзін арандайды,
«Атасыз адам пенде таралмайды».
Сол кезде күллі үш жүзге даңқы
кеткен,
Кім білмес Қаракерей Қабанбайды.

Сескенбей қарсы келген қалың қолдан,
Жауына өрттей тиіп жалын болған.
Кім білмес қанжығалы Бөгенбайды,
Қазаққа ерлігімен мәлім болған.

Жеңе алған өз кезінде әлі кеп кім,
Еске алсам батырлығын Жәнібектің.
Төгіліп іздерінен шежірелік,
Тұмай ма айбынынан алып екпін.

Жәкеңнің ерлігі көп таң қалғандай,
Ер еді ол кезінде даңдар маңдай.
Төменде әңгіме етем үш ерлігін.
Ойлы жан сонан көбін аңғарғандай.

Оңай ма ерлік өмір басталмағы,
Көп оның көңіл тынар баспалдағы.
Жәкеңе қартайғанда «ерлігінді айт» -
деп келіп өтініпті жастар жағы.

Отырып сонда батыр толғаныпты,
Сөз қозғап тарихтан мол даңқты.
Ішінде ерлігінің үшеуі ерен,
Естісек дерсің мені сонда мықты.

Жас кезім Қабанбайға еріп жүрген,
Қылыштың жүзін жүзіп келіп жүрген.
Күдірде күтір – күтір жаншып өтіп.
Көрсетіп жау сазайын беріп жүрген.

Бір күні Қабанбай бар, Жобалай бар.
Аттанып жорық шектік добал айбар,
Түн қатып келіп қондық бір араға,
Сыздауыт, отыны жоқ қоғалы айдар.

Отын жоқ, болмаған сон тамақ дайын,
Ел мен бір мен де абыржып
жалақтаймын:
Қабанбай деді: маған «Жолда көрген,
бейіттің алып кел,-деп,-
жан тақтайын».

Айтқан соң үлкендердің тілін алып,
Жөнелдім бейіт орнын біліп алып.
Көрдім де өлгі бейіттің жан тақтайын,
Мен суыт кетпек болдым жұлып алып.

Қаза боп бағзы заман қойған жерлеп,
Моланы күңіренген дауыс кернеп,
Сол заман кетті дүние зілзала боп,
Әзірейіл – жәбірейілдей кетті тергеп.

Ей жаран, басып тұрсың, шоққа,- деді,
Қайда оны апарасың тоқта, - деді.
Лыпасыз қалдырып сен әруақтарды,
Үмітің ол дүниеден жоқ па, - деді.

Түсініп тоқтамадым: «Алам, - дедім,-
Апарып отын үшін жағам, - дедім,-
Өлі сені қоя тұрғын, Қабанбайды,
Аштыққа тірі қайтіп салам» дедім.

Әруаққа осыны айтып жүріп кеттім,
Түнеген жерімізге барып жеттім.
Мен айтып әлгіңдегі болған істі,
Жорықтас көпшілікке баян еттім.

« Тап болса қиын күнге сіре да елің,
Дағдарып қолбасшы жоқ тұра ма елің,-
Деп ойлап бейітке астыртын
адам қойып,
Қарағым, ерлігінді сынап едім».

Сөйтті де ер Қабанбай қолымды алып:
« Бұл жұмыс сәтті шықты орындалып,
Тас жүрек жан екенсің тайынбайтын,
Уа, батыр, қолды баста, жолымды



алып.»

Жат елмен шайқасам да іргелес көп,
Жоңғармен жұлқыссам да жүрген
өш боп,
Сан рет сайыстан да шоқтығы асып,
Тұрады осы ерлігім бір белес боп.

Қанатын ерлік өмір жаяр дәйім,
Тек қана белесіне аялдайын.
Болашақ ұрпақ үшін үлгі болсын,
Ерліктің екіншісін баяндайын:

« Абайлап қарсы жақты шолып келем,
Көп жүрдім мен түн қатып жорықпенен.
Келгенде бір иенге ұйқы басты,
Мең – зең қып, әбден дел – сал болып

Иенде жатсам бір сәт терең мызғып,
Кездейсоқ сала берді денем мұздап.
Оянсам кеудемде бір жылан келед,
Дегендей жалақтайды «жер
ем тұздап».

Сескенбей мен де құрттың
жауызынан,
Арылтып қоямын деп қауызынан.
Қозғалмай өз орнымда жата бердім,
Аптықпай тұзақ құрып ауызымнан.

Хайуан асса- дағы арнасынан,
Құтылмас адамзаттың шалмасынан.
Сымпып аузыма ін деп кірді,
Мен қыршып жұлып алдым дәл
басынан.

Ерлікке ескеуіл жау тоса алмай ма,
Ес қатар ерлік шіркін осындайда.
Иенде жауызбенен жағаласу,
Біріне ол да ерліктің қосылмай ма?!

Келгенде елулерге шешек шықты,
Құрғырың бір шыққанда кесек шықты,
Жасадым сонда үлкен төзімділік,
Айтуға боларлықтай десем мықты.

Шешектің бірі шықса, бірі ескіріп,
Сауыс боп өн бойымды сірестіріп.
Күгімді аз – ақ киген, шешкенімде,
Бір қабат терімді алды ілестіріп.

Осыған істедім мен төзімділік,
Денемнің ауырғанын өзім біліп.
Терінің бір қабатын сыдырып көр,
Сонда сен тұрар ма едің көзің күліп.

Бұзылмас қара кешке қамалдайын,
Ерлікке болар жолдас адал дәйім.
Міне бұл – ерлігімнің үшіншісі,
Осымен әңгімеді тәмамдайын.

Жәнібек батыр еді көп өнері,
Ізінде жатыр ерлік төбелері.
Аңыз боп бұл дәуірге келіп жеткен,
Айтқаным сол ерліктің көбелегі.

«Біз өзбектер бір туғанымызды, туысымызды алыс сапарға жіберіп жатсақ «ДОСЫҢ ҚАЗАҚ БОЛСЫН» - деп бата беріп, тілек айтамыз... Осы бір мақал бүкіл Қазақ халқының кім екенін айтып тұр. Қазақ ешқашан досын жауға бермеген, досын сатпаған, досын жолға тастамаған»... (Өзбекстан Республикасының экс Президенті Ислам Каримов).

«Қазақтардың өткен тарихымен әлем елдері арасында елеулі орны бар. Олар Бату хан армиясының өзегі болды. Қазақтар Козельск, Москва т.т. қалаларды алғандардың және Алтын орданың әскери-саяси құрылымының тікелей ұрпақтары. Әзірге Қазақтың маңыздылығы әлемдік тарихқа байланысты болғанымен, Қазақ халқының мол мүмкіндігінің ашылу сәті әлі алда. Ол үлкен Тұранның ояну сәтіне байланысты болады. Оның қозғаушы күші Қазақтар болады». (Гейдар Жемаль).

«Қазақтарды ұлт ретінде сақтау – Түркілерді сақтау. Таза Түркі – Қазақтар. Қазақ тілі - ең таза түркі тілі» (К.Карпай, АҚШ, профессор).

13 ғасырдағы Қазақ жеріне ат басын тіреп, Батудың қабылдауында болған Рим папасының өкілі Платано Карпини өз жазбаларында былай депті: «Бұл халық (Қазақтар М.Қ.) өз билеушілеріне, о дүниелік болған бабаларының алдында, ел билеген тұлғаларына өте адал болып келеді, бұларда жалған сөйлеп, өтірік айту деген жоқ. Бұл халықтың арасында өзара айтыс – тартыс деген болмайды. Ұрлық – қарлық деген нәрсе бұларда атымен жоқ, сондықтан болар, бұлардың есіктеріне өмірі құлып салынбайды. Бұлардың тіпті малы адасып басқа қораға кіріп кетсе де, оның иесі адасқан малды қайта ай-

Қазақ тілі - ең таза түркі тілі

ӘЛЕМ ТАРИХШЫЛАРЫ МЕН САЯСАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕРІ



дап келеді. Жалпы бұлардың ауызбірлігі, ынтымағы өте берік және тауқыметке өте шыдамды, жолда ашқұрсақ жүрсе де жүзінен күлкісі кетпейтін дарқан, ақжарқын халық».

«Қазақты оқытудың қажеті жоқ. Салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары түгелдей тұнып тұрған білім» (П.Семенов-Тянь-Шанский 1828-1914).

«Әрбір ұлт өз ұлтын өзге ұлттардан артық санайды. Бұл ұлтшылдық пен соғыс өртін тұтатады. Адамдар білуі керек, ешбір халық қанша мақтанғанмен, Қазақтан асып, Қазақтан артық мемле-

кет құрып, Қазақтан биік бола алмайды». (Татар ақыны Мұса Жалил).

«Халықты қанша қырсаң да, оны жоқ қылып жібере алмайсың. Ол түбі бір жерден жарқ етіп шыға келеді..!» (С.А.Караганов, Ресейдің бұрынғы президенті Борис Ельциннің кеңесшісі).

Түрік (Түркия) халқы күні бүгінде де берген уәдесін жұтып, екі сөйлемейтін, бір сөзді МӘРТ, батыр адамды ҚАЗАҚ деп атайды

Құмық тілінде Қазақ - батыр деген мағына беретін сөз. Құмық әдебиеті Қазақ жыраудан басталады.

Дағыстан поэзиясында ҚАЗАҚ - ер, қайсар, жауынгер болып сипатталады.

Алыста қалған Ноғайлар Қазақтардың мына өсиетін жадтарында сақтап, үнемі айтып жүреді екен:

«Қазақ баласын үш-ақ ауыз сөзбен тәрбиелеген. Біріншісі – ұят болады. Екіншісі – жаман болады. Үшіншісі – обал болады.

Ұят болады дегені – өлімнен ұят күшті, ұят істі істеме дегені, ұят жаным-

нан садақа дегені. Бұл қазір «Малым жанымның, жаным арымның садақасы» деп тұжырымдалған.

Жаман болады дегені – жақсы сөз жарым ырыс, жамандықтан аулақ жүр, жақсының жомарттығы, жаманның нәмәрттігі жұғады дегені.

Обал болады дегені – әр бір істің сұрауы бар, адам баласына қиянат жасам, обал мен сауаптың ара жігін ажырата біл дегені».

Қазақ пен Ноғайдың бір туған екендігіне ноғай ақыны Арысланбек Сұлтанбековтың «Домбыра сазын ескен Адайлар» атты әні толықтай куәлік ете алады.

Латыштың (Латвия) филолог ғалымы Галина Шукке өзінің «Латыштар Түрік болған ба?» деген ғылыми зерттеу кітабында «Латыш пен орыстар Түріктерден шыққан», яғни бұл елдің тілдері көне Түрік (Қазақ) тілінен бастау алғанын дәлелдеген.

Ұлы мәдениеті бүкіл әлемді мойындатқан Қазақ елі жайлы, «Кәдімгі тарих» атты фундаменталды ғылыми еңбектің авторы Жорж Луи Леклерк (Бюффон) XVIII ғасырда былай деп жазыпты: «Бірінші мемлекет, яғни осылай деп аталуға лайық ел өте ескі заманда Каспий теңізінің шығыс жағында дүниеге келген. Бұл халық ғылымды, өнерді және басқа да игіліктерді дүниеге әкелгені үшін де үлкен құрметке лайық... Олар төтенше бақытты болды, себебі олар өте білімді еді, кейін жаттың шабуылына ұшырап, адамзаттың ұлы цивилизациясын қара түнек басты».

ҚАЗАҚТА «ТЕГІН БІЛМЕГЕН ТЕКСІЗ, ЖЕТІ АТАСЫН БІЛМЕГЕН ЖЕТЕСІЗ» ДЕГЕН СӨЗ БАР. ТЕГІМІЗДІҢ КІМ ЕКЕНІН ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БҮКІЛ ӘЛЕМГЕ ҮЛГІ БОЛҒАН ЕРЛІК ІСТЕРІН БІЛІП, ОНЫ КЕЛЕР ҰРПАҚҚА ЖАЛҒАСТЫРУ – ПАРЫЗЫМЫЗ!



Асыл қазынамыз

Жуырда аудандық почта байланыс торабында 1-қазан - қарттар күніне орай игі іс-шара ұйымдастырылды. Қазақстанда жыл сайын бұл күн қарттарымыздың ғұмыр бойы істеген еңбектеріне әрі мемлекетіміздің қалыптасуына қосқан зор үлестеріне сай сый-құрмет көрсетіледі.

Биыл да мерейлі мереке өз деңгейінде аталып өтілді. Атаулы күнге орай Сарқан АПБТ-ның бастығы Дәулетхан Ілімханов қария әжелерімізді шақырып, оларға қолма-қол ойнатылатын лотерея таратты. Қариялардың әрқайсысы ұтыс ұтып, қуанышқа ие болды. Осы мерекеге Сарқан қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Әлібек Ерболаев, аудандық әжелер ұйымының төрайымы Шолпан Асқарғалиева және әжелер алқасының төрайымы Күлшарбан Калиева келіп қатысты. Мерекелік үстел жайылып, ізгі лебіздер айтылды. Барлық іс-шараның жоғары деңгейде өткізілуіне бір кісідей атсалысқан АПБТ ұжымының қызметкерлері қарттар ортасында болып, олардың көңілдерін серпілтіп тастады. Қарттарымыз біздің - асыл қазынамыз! Осыны баршамыз тағы бір мәрте сезініп, оларға деген құрметіміз арта түсті.

Өз тілшіміз.

Қарттық - марапат

Бір ақылды адам «Қарттық – марапат» депті. Құлаққа қонатын сөз. Расында, қарттық ғұмырды көру – өмірдің марапаты, сыйы ғой. Қазақ қариясын сыйлаған халық. Қарты бар үйдің қазынасы бар. 1-қазан халықаралық қарттар күніне орай Лепсі ауылында ауыл әкімі Серікбаева Гүлнар Мұратқызының ұйымдастыруымен ауыл қарияларына арнап мерекелік дастархан жайылды.



Ақ дастархан басында саналы ғұмырын елі, халқы мен келешек ұрпағы үшін арнаған, өңіріміздің өсіп-өркендеуі жолында аянбай еңбек еткен алдыңғы буын аға-апаларды төл мерекелерімен ауыл әкімі құттықтады. Ол өзінің сөзінде біз үшін өмір көрген қарттардың тәжірибелері мен кеңестерінің аса қымбат екенін айтып, арнаған сыйлықтарын тарту етті.

Сондай-ақ, «Көкжиде құс» ЖШС, «Узбечка» мейрамханасының иесі Ерлан Самбетов және мекеме ұжымдарының демеушілік жасағанын айта кеткеніміз жөн.

– Біз ынтымағы ұйыған елде тұрамыз. Айналамыздағы елдердің қалай болып жатқанын көріп отырмыз. Сондықтан Мемлекет басшысына, ардагерлерге әркез құрмет көрсетіп келе жатқан облыс басшыларына, ауыл әкімдеріне ризалығымыз шексіз, – деп алғыстарын білдірді ауыл қариялары.

Кездесу үстінде Лепсі ауылдық мәдениет үйінің өнерпаздары ардагерлер алдында өз өнерлерін көрсетіп, ән мен күйге сусындатты. Арасында қариялар да баяғы жастық шағын еске түсіргендей, бір-бірін биге шақырып жұптаса биледі.

Мадина АЙТОВА.

Лепсі ауылдық кітапхана меңгерушісі.

Қариясын қадірлеген ел ардақты

Жуырда Сарқан аудандық кітапханасында Қарттар күніне орай «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты әдеби – сазды кеш өтті.

Қазақ қашанда қазыналы қартын құрметтеген. Туған елінің туын биік ұстауды мақсат тұтқан, әрқашан еңбектеген баладан, еңкейген қартына дейін ұлықтауды ұлы дәстүрге айналдырып, өскелең буынға ұлағат етіп келеді.

«Қарттарын ардақтай білген елдің рухы үстем, шаңырағы биік», өсетін елдің өнегелі ұрпағы дария теңіз қариясын құрметтеп, кейуанасын сыйлауды әрқашан өмірлік қағида тұтқан қазақ елі. Ендеше «Үйдегі қария – жазып қойған хатпен тең», демекші қарттарын құрметтеген елдің ертеңі биік, мерейі үстем.

Іс-шараға ауданымыздың зиялы қауымы, құрметті азаматтар мен ардагерлер қатысты. Қариялардың ақыл сөздерін, өткен шежіре әңгімелерін тыңдай отырып, үлгі, өнеге өрбітті. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету адамгершіліктің ең жоғарғы қасиеттерінің бірі екенін кітапхана қызметкерлері айрықша атап өтті. Қай халықтың болмасын түпкі тамырында үлкенді сыйлап, құрмет көрсету тереңде жатыр. Қарттар-біздің асыл қазынамыз. Ортада жүрген қарияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше екенін сөздеріне арқау етті.

Оқырмандардың бойына халқымыздың асыл қасиеттерін сіңіру, үлкенді сыйлау, өз ата-бабасын ұмытпай сақтау үшін және салт-дәстүрден нәр алып өсуіне, инабаттылыққа, жақсы мен жаманды ажырата білуге аталы сөзден ғибрат алуға үндеген аталмыш шараның жас буынға берері мол болды.

Жадыра ҚАБИДЕНҚЫЗЫ,
Алмагүл ҚҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ,
кітапхана қызметкерлері.



Ардагерлер ардақталды

Елімізде 1-қазан қарттар күні болып белгіленген. Барлық жерде қарттарға көңіл бөлініп, құрмет көрсетіледі. Ардагерлердің жүріп өткен жолдары кейінгі өскелең ұрпаққа үлгі - өнеге етіледі. Әр өлкенің қарттары – сол жердің асыл қазынасы. Біздің ауылымызда да қарттарды құрметтеу тұрақты үрдіске айналып қалыптасқан. Жыл сайын ауылдық округ әкімдігі, мектеп, аурухана қызметкерлері қарттармен кездесу өткізіп құрметтеп, құттықтап көңіл бөліп отырады.

Осы мереке қарсаңында ауылдық округ әкімі Рабиғұлов Жабайхан Болысбекұлының басшылығымен ауылымызда «Қарты бар ел-қазыналы ел» атты ауқымды мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шараға ауылдағы қарт адамдар толық шақырылды. Ауылдың дәмханасына қарттарға арналған мерекелік дастархан жайылып, тамақ берілді. Жиналғандар жақсы көңіл-күймен бір-біріне жылы лебіздерін айтып, ұйымдастырушыларға ақ баталарын берді. Соңынан мәдениет үйінде концерттік бағдарлама өткізілді. Қарттарды құрметтеу мектепте де де жалғасын тапты. Тәжірибелі ұстаз Абиева Нұргүл Байғұмарқызы «Қарттарым аман сау жүрші!» атты ашық тәрбие сағатына ардагер ұстаздарды шақырып, құрмет көрсетті. Оқушыларды үлкенді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиеледі.

Осындай үрдіс ауылдағы Қарабөгет дәрігерлік амбулаториясында орын алған. Атап айтқанда жоғары санаттағы дәрігер Жумадилова Алия өз ардагерлерін жыл сайын назардан тыс қалдырмайды. Әр ардагердің үйлерін аралап, қарттарын құттықтап құрмет көрсетіп отырады. Өткізілген іс – шаралар мазмұны адамдар арасындағы сыйластық қарым – қатынасты нығайтады, мәдениетін қалыптастырады.



С.ЖАНАСБЕКОВА,

Қарабөгет ауылдық округінің әжелер алқасының төрайымы.

Ұлы тұлғалар есімдері ұлықталды



Сарқан гуманитарлық колледжінде 16-23 қыркүйек аралығында тіл мерекесіне арналған арнайы апталық болды. Осыған байланысты апталықта сөнді қолданбалы өнер ПЦК - сы көрме

ұйымдастырды. Бұл көрмеге колледж білімгерлері қазақ жазушыларының портретін салды. Қазақ тілінің тарих сахнасынан жоғалмай, мәңгі жасай беруі үшін аянбай тер төгіп, қаншама кітаптарды қазақ тіліне аударып еңбек сіңірген ұлтымыздың ұлы тұлғасы



Ахмет Байтұрсынұлының портреті салынды. Көрменің басты мақсаты білімгерлерге осы атақты тұлғалардың есімін санамызда қайта жаңғырту, сан қырлы еңбектерін елеп ескеріп, оларға құрметпен қарау, әрі келер ұрпаққа тағылымдау. Көрмеге білімгерлер Нусупова Айгерім, Тоқтасынқызы Диана айрықша ат салысып, белсенділікпен қатысты. Ұлтым деп көз ілмей еңбек еткен арыстарымыздың есімдерін ұлықтауда мұндай шаралардың тағылымдық мәні, тәрбиелік орны ерекше. Қазақ халқы барда, оның елім, жерім дейтін ұлдары тұрғанда ұлтымыздың осындай ұлы тұлғаларының есімдері әрдайым ұрпақ жадында жаңғырып, мәңгі жасай бермек.

Рамазан ЕСКЕНДІР,
Сарқан гуманитарлық колледжінің 1 курс білімгері.

Жерлесіміздің есімі ұлықталды

Семейдегі «Степной» кентінде жаңа мешіт халық игілігіне берілді. Оның ашылуына Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы қатысты. Ғибадат орнына Ахметсафа қажының есімін беру ұйғарылды.



Құлшылық үйіне ғұлама-ғалым, дін қайраткері Ахметсафа қажы Қалдыбайұлының атын беру шешімі тектен-тек қабылданған жоқ. Ол ұзақ жыл қаладағы Тыныбай мешітінде қызмет еткен.

Ахметсафа хазірет Семейдегі «Тыныбай» мешітінде 1954-1973 жылдар аралығында имам болып қызмет еткен. Қызмет еткен жылдары мешітке күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп, құлшылық үйіне жаңа дем берді. Ел алғысына бөленген ғалым саналы ғұмырын дінге қызмет етуге арнаған. Ахметсафа қажының ұлы Мұзафар жиылған жамағатқа ризашылығын білдіріп, әкесі ұстаған Құран мен киген шапан-сәлдесін мүфтият музейіне табыстады.

Ахметсафа Қалдыбайұлы 1892 жылы Сарқан ауданының Қарабөгет ауылында дүниеге келген. Бұқара, Хиуа, Самарқан медреселерінде білім алып, өз қаражатымен Меккеге екі рет қажылық борышын өтеген адам. Ол кісі араб, парсы, түрік тілдерін, жалпы алғанда оншақты тілді еркін меңгерген. Ойлы уағыздарымен жұрт жадында қалған ғұлама. Ахметсафа қажыдан 3 ұл, 3 қыздан тарайтын ұрпақтары өмірден өз орындарын тапқан білікті мамандар.

Өз тілшіміз.

Деструктивті діни ағымдар туралы не білеміз

Қазіргі заманда деструктивті идеология дегенді жиі естиміз. Қазақстан Республикасының діни жағдайындағы өзекті мәселелердің бірі. Залал тигізу, бүлдіргіш атауын білдіретін, деструктивті ағымдар адамдар арасынан-қоғамға, қоғамнан-әлеуметтік орта мен мемлекетке қаупін тигізетін құбылыс. Деструктивті діни ағымдар адамдардың діни сенімдерін пайдалана отырып, сананы улау арқылы олардың құқығын бұзып, психологиялық әдістер қолданып, адасушылыққа апарып, зиянын тигізеді. Олардың көздейтіні, діни ілімнің қағидаттарын ұстану арқылы, басқа ортадан бөлектену, психологиялық өзгешілік, діни ілімнің басшысы, жетекшілік ететін адам айтқанына бағыну. Деструктивті діни ағымдардан неге сақтануымыз қажет, олар өздеріне адам тарту ерекшелігі, алдымен адам психологиясына барынша әсер ету арқылы, жылы сөздер, жақсы көңіл-күй, қамқорлық, көмек көрсету кейде моральдік және материалдық көмек қылу. Бір отбасы типажын ұстану арқылы, бір ортаға бағыну, өз араларында ереже жасау, басшы ретінде бір адамды тағайындау. Ол басшы харизматикалық тұлға болып есептеледі. Ол дегеніміз көшбасшы болу, барлық діни ағымдағы адамдарға жауап беру, көпшіліктен ерекшелене алатын, басқаларға сөзін жүргізе алатын, өзге адамдарға манипуляция қолдана алатын адам. Жылы, жылы сөйлесең жылан інінен шығады деген халық сөзі бар емес пе, харизматикалық тұлға да құдайдың сөзін жеткізуші, қасиетті жанмын деп айтып, оның сөзін екі етпей істеп отыруға үйретеді.

Ағымға кірушілерді өздері тартып, кейде алдау арбауды да қолдана отырып, ағымға тәуелді қылып тастайды. Психологиялық, эмоциялық тәсілдер қолданып, адам санасын улайды. Ондай деструктивті ағымға кірген адамдар біртіндеп не болмаса бірден отбасы, араласатын орталарынан бөлектену, мінез-құлық өзгерісі, агрессивті іс-әрекет байқала бастайды, дәстүрлі діндерге, салт-дәстүр әдебіне, қазіргі заман мәдениетіне, зайырлылыққа, азаматтық міндеттерді орындамау секілді қарсылықтар туғызды. Ашып айтқанда, мемлекеттік ережелерді, азаматтық міндеттер орындамау, жас балаларды мектепке жібермеу, білім алуға қарсылық, әскери борыш өтеуге қарсылық, қан құйдырмай, донор болуға, вакцина алмау сияқты медициналық көмектен бас тарту. Өздеріне осындай шектен тыс шығатын шектеулер қояды. Деструктивті діни ағымдар қоғамды ыдыратушы құбылыс. Адамдар санасын улау арқылы қарсы пікір қалыптастыру, сол арқылы қоғамға мемлекетке іріткі салу. Саяси мүдделерді пайдалана отырып арам пиғылдарын іске асырып та жатыр.

Бұндай ағымдар жетегіне кетпеу үшін, алдымен адамдарда психологиялық мықтылық, діни сауаты болу міндет. Діни сауатты діни ұстаздар мен дінтанушы мамандардан ашқан жөн. Мемлекет гүлденуі, қоғам ішінен бастау алатынын ұмытпағанымыз абзал. Саналы да білімді ұрпақ қалыптастыру біздің міндетіміз.

Д.МЕЛІС,
дінтанушы.

Танытқан жер жүзіне қазағымды,
Димаштай өнші бар ма ғажап үнді.
Қарамай нәсіліне, ұлтына да,
Арнадың адамзатқа саз өнінді.
Мақтан қазақ! Мақтау айт Димашыңа,
Мақтасаң мақтау сияр бір басына!
«Тіл-көзден аулақ»-дейді

табыңғандар,

Өн сүйер айналғанда сырласына.

Нүсіпхан Ақжолов

Құрметті оқырман, менің бұл мақаламды оқымас бұрын халқымыздың ауыз әдебиетіндегі «Алтын айдарлы бала» туралы ертегісін естеріңізге түсіріп алсаңыздар дер едім.

Дінмұхаммед Қанатұлы Құдайбергеннің 23 қыркүйектегі Алматы қаласындағы орталық стадионда қойылған жеке концертінде болып қайттым. Тамаша! Ғажал! Керемет! Концерттен алған әсерімді айтып жеткізу мүмкін емес. Көру керек. Көрдім. Құдды бір ғажайыптар еліне барып қайтқандай болдым. Деседағы алған әсерімді оқырмандармен бөлісіп көрейін. Концерт деймін-ау! Бұл концерт емес! Бұл тыңдармандарын бүкіл-болмысымен баурап алатын тәрбиесі мен тағылымы мол қойылым. Әрбір өні, сол өнге киініп шыққан киімі, тыңдармандарымен қарым-қатынасы, қасындағы бишілерге ілесіп билеуі, әр ән арасындағы сол әуеннің шығу тарихына, мазмұнына екі тілде (қазақша, ағылшынша) түсініктеме беруі стадионға жиналған отыз мыңға жуық тыңдармандарының қазақи тақия, камзол, шапан киіп, қазақи сырға, білезік тағып, қолдарына Қазақстан жалаушаларын, домбырасын ұстап, біздің қазақша сөйлегенімізді естіп, «Қазақстан, Димаш!»-деп қасымызға келіп, құшақтап, суретке түсіп, жүздері бал-бұл жанғанын көргенде кеуденді еріксіз мақтанаш билеп, көзіңе жас келеді екен. Тіпті кейбіреулерінің шаштарын қос бұрым етіп өріп, ұшына шашбау тағып, тақия киіп алғанын көргенде, өзін-өзі қара түнекке тығып, жасына жетпей тұмшаланып, теріс ағымның ықпалына түсіп, адасып жүрген біздің қыз-келіншектер үшін ұялдым. Сонымен дәл уақытында тыңдармандарын басқаша ойлауға, айналаға басқаша көзқараспен қарауға бағыттайтын тәрбиелік мәні зор қойылым басталып кетті. Қойылымның алғашқы бөлімінде Қазақстан музыка әлеміндегі өзінің ізін басып келе жатқан жас әншілерге жол берді. Бұл әрекетінде де ерекше бір сыр жатыр. «Бұлақ көрсен көзін аш»-деген халық даналығын

Алтын айдарлы бала



ұстана отырып, өзінен кейін де талантты жастардың өсіп келе жатқандығын, қазақ елі өнерлі, білімді ұрпаққа бай екенін шет ел қонақтарына, жалпы елге таныту мақсаты екені белгілі. Ал өзінің сахнаға арнайы құрылғымен жоғарыдан халқымыздың тарихындағы өркениеттілігіміздің символы «Алтын адамның» кейпінде түсуінде де ерекше мән жатыр. Бұл әрекеті «Алтын адамның рухы бізбен бірге, тарихымызды ұмытпайық! Біз ұлы халықтың ұрпағымыз! Тәңір бізді ұлы болу үшін жаратқан» деп тұрғандай әсер қалдырды. Жалпы бүкіл концерттік қойылымында Димаш «Барлық жер бетіндегі халықтың бәрі бірдей. Сондықтан олар бірлікте, татулықта, ешбір соғыссыз, бейбіт өмір сүрулері керек» - деген ұғымды тыңдармандарының санасына жеткізе білді. Өмірде ақ пен қара қатарласа жүреді. Олар үнемі бір-бірімен қарама-қайшылықта болады. Түбі адамдардың бойында мейірімділік, сүйіспеншілік мол болып, бірлікте өмір сүрсе қара ниеттілерді ақ пейілділер жеңіп, әлемде сүйіспеншілік пен махаббатқа толы қоғам орнайтынын өнімен, музыка тілімен шебер жеткізді. Арнайы Шарын шатқалында түсірілген «Бір аспан тарихы» атты бейнебаянның сахнада экран арқылы көрсетіп, өнін өзі сахнада жанын сала жанды дауыспен орындап шықты. Димаш осы бір туындысы арқылы өн құдіретімен, музыка тілімен бүкіл жер шарындағы өмір сүріп

жатқан қарапайым халықтың барлығының тілейтіні бейбітшілік екенін саясатты жүргізіп отырған басшыларға анық та, тура жеткізе білді. Димаш ән салғанда да, бейнебаян түсіргенде де сол әннің мазмұнына толық кіріп, бар болмысымен орындап, өзінің актерлік шеберлігін де жоғары деңгейде көрсете білді. Жалпы Димаштың әрбір сөзі, әрбір іс-әрекеті, өзін-өзі ұстауы тұнып тұрған тағылым, тәрбие, үлгі.

«Болам деген баланың бетін қақпа, белін бу» деген халық мақалын айта отырып, өзінен кейінгі інісі Әбілмансұрды сахнаға алып шығып, оның музыка әлеміндегі алғашқы қадамын өзінің жеке концертінде, өзінің туған елінде кесуінің өзі тыңдармандарын ерекше сезімге беледі. Қос оғланның сахна төрінде ағалы-інілі болып, бір – біріне сүйеу, тілеулес болып тұрған жарасымды сәттері кімді де болса тебіртпей қоймады. Димаштың сахнада болсын, ел арасында болсын өзін-өзі ұстауы, қойылған сұрақтарға өте мәдениетті, сауатты, тапқыр жауап беруі оның білімділігін, тектілігін, кемелдігін көрсетіп тұрады. Димаштың өмір жайындағы ой толғамдары көпті көрген абыз ақсақалдардың өзінен асып түсіп жатады. «Көп оқығаннан емес, көп көргеннен ақыл сұра» деген бар емес пе! Димаштың осы 28 жасында көргені көп, көңілге тоқығаны көп. Сондықтан да ол қатарынан оза шауып, дара тұрған

тұлға. Біліміне өнері сай, көркіне мінезі сай, бойына қазақ деген халықтың ұлттық құндылықтарын сыйдырып өскен, атаның қанымен, ананың сүтімен, өскен ортаның әсерімен даритын қазақ халқына ғана тән тектілік алтын айдарлы Димашымыздың өн бойында тұнып тұр. Бүкіл әлемге қазақ деген халықтың қандай екенін, оның бай тарихы, әдеби мол мұрасы, дамыған озық мәдениеті бар екенін дәріптеуде Димаштың атқарып жүрген еңбегі зор. Г.Головкиннің өтінішімен Лас – Вегаста еліміздің әнұранын орындауы талай жанкүйерлердің қазақ еліне деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын арттырды.

Өзін әлем мойындап, осы жасында дейін алған атақ-даңқына қарамастан Димаш өте қарапайым, кішіпейіл, мейірімді. Бірнеше тілде еркін сөйлеп, бірнеше тілде өн салады. Қаншама тілді білсе де ол жүрген жерінде үнемі қазақ тілін, ана тілін дәріптеуден бір жалыққан емес. Димаштың табынушыларының көпшілігі қазақша үйренуде. Димаш орындайтын қазақ әндерін жаттап алып, айтып жүргенін әлеуметтік желіден көруге болады. Бұл жағдай өз тілін менсінбейтін, өз тілін үйренгісі келмейтін талай мөңгүрт отандастарымызға үлгі болуы тиіс. «Мен шет елде жүргенде жеке күзетшілеріммен жүремін. Ал Қазақстанда мені халықтың батасы қорғайды. Өз елімде маған күзетшінің қажеті жоқ» деген сөзінен оның халқына деген махаббаты аңқып тұр. Димаштың ғажап даусының даралығын зерттеп тексерген шетелдік маман музыканттар оны өзге әлемнен, ғарыштан келген періштеге теңеуде. Қалай мақтанбайсың, қалай шаттанбайсың! Димаштың шығармашылығына, атқарып жүрген іс-шараларына осылайша қысқаша шолу жасай отырып, мен мынадай ойға келдім. Халқының ғасырлар бойы армандаған, елді тығырықтан алып шығатын қиял-ғажайып ертегідегі «алтын айдарлы бала» осы Димашымыз болар деген түйін жасадым. Мен өзім осы ойыма толықтай сенімдімін! Лайым солай болғай! Бүкіл әлем, төрткүл дүние тілеуіңді тілеп отырғанда елің үшін, жерің үшін, қазақ деген халқың үшін еңбек ете бер, қазақтың алтын айдарлы ұлы, қазақтың Димашы! Жаратушы бір өзіңе жар болсын! Тіл-көзден аман бол, Диматай!

Ұлжан НҮРҒАЛЫМҚЫЗЫ,
Сарқан қаласы.

Каждый год в Республике отмечается немало знаменательных дат. Нынешний год богат на юбилеи писателей, поэтов, общественных деятелей, которые непременно отмечаются интересными мероприятиями. Этот год по поручению Главы государства объявлен Годом ребенка. С целью организации полезного досуга деятельности обучающихся школы в период начала летних каникул педагогами нашей школы был разработан план по реализации внеурочной деятельности, включающий в себя программу воспитания и социализации, развивающую программу. При составлении плана учитывались возрастные особенности детей, их интересы, педагогов и пути их реализации.

Система воспитательной работы школы позволяет ребятам раскрыть себя в разных направлениях. В течении 20 дней работал пришкольный лагерь «Солнышко». Летний лагерь - это интересный образ жизни детей, новый режим с особым его стилем и тоном. Это время игр, развлечений, свобода в выборе занятий, снятия накопившегося за год напряжения, восполнение израсходованных сил, восстановления здоровья. Это период свободного общения детей. У каждого была возможность проявить себя, приобрести

ОТДЫХ ДЕТЕЙ- НАША ЗАБОТА

друзей, узнать что – то новое. Ребята с большим увлечением принимали участие в спортивных эстафетах, в товарищеских встречах по футболу, волейболу. Проходили школьные и на уровне района турниры по шахматам и шашкам.

В рамках реализации проекта «Читающая школа - читающая нация» были проведены мероприятия «Читающие радости». Дети рассказывали о своих любимых авторах и книгах, рассматривали портреты писателей, знакомились с их произведениями. Ребята инсценировали сказки, снимали видеоролики и создавали буктрейлеры. Мероприятия прошли интересно и увлекательно.

В нашей школе в течении учебного года учителя проводят экскурсии по изучению родного края. В школе ведется краеведческая работа. В рамках реализации программы «Жасыл ел» в школе работает школьное лесничество. Краеведение – благодатная почва, позволяющая воспитывать у детей любовь к родному краю, к Отечеству.

В Год ребенка, по педагогическому проекту «Тайны родного края», при спонсорской помощи местного лесничества,

мы организовали туристический поход на озеро Жасыколь. Неизведанные дали, широкие горные долины, огромные бурлящие реки, высокие водопады, большие озера манили юных туристов. Во время похода ребята проверили не только свою эрудицию, выносливость, но и узнали много нового и интересного о природных богатствах родного края, удивительных растениях, животных, птицах, климате, историю образования озера.

Школьники посетили краеведческий музей и места сражений «Черкасская оборона». Во время экскурсии дети словно на машине времени переместились в 19 век, для того, чтобы узнать историю Черкасской обороны.

В конце учебного года, группе ребят посчастливилось побывать в Ботаническом саду города Алматы. Это отличная возможность прикоснуться к огромному растительному миру разных природных зон, регионов и континентов, изучили их характер, особенности, хитрости выживания, любопытные названия и факты. По приглашению руководства национального природного парка «Жонгар Алатау», школьники смогли пополнить свои знания

о заповеднике «Жонгар Алатау».

Каждый день летних каникул был полон эмоций, насыщен мероприятиями и зарядом бодрого настроения и здоровья. Время, проведенное в походах, экскурсиях, ребятами очень понравилось. Они провели его с пользой для себя и своего здоровья. В процессе организованной работы, дети получили массу удовольствия, заряд бодрости и энергии, восстановили силы к новому учебному году. Вместе с ребятами все это время летних каникул работали педагоги нашей школы. Выражаем огромную благодарность сотрудникам музея «Черкасская оборона», сотрудникам Ботанического сада города Алматы, коллективу «Жонгар Алатауского» парка, акиму Екиашинского округа за плодотворное сотрудничество и организацию интересных мероприятий. Благодарим команду местного лесничества за неравнодушное отношение к своему делу, доброжелательный подход к детям.

Счастливые глаза ребят – самая высокая награда организаторам детского отдыха.

Галина БАННОВА,
завуч по воспитательной работе
КГУ «Теректі средняя школа».

Менің сүйікті ұстазым



Қазіргі уақытта мұғалім ең қажетті мамандықтардың бірі. Менің ойымша мұғалім ақылды, мейірімді болуы керек. Менің сүйікті мектебimde осындай мұғалімдер өте көп деп мақтанышпен айта аламын. Бірақ, мен бір мұғалім туралы толығырақ айтқым келеді. Менің сүйікті ұстазым химия пәнінің мұғалімі және менің сынып жетекшім - Отарбекова Мақпал Несипбалановна. Ол кісімен кез-келген тақырып бойынша сөйлесуге болады. Ол кісі барлық білген білімдерін бізге үйретеді. Мақпал апай өз шәкірттері үшін алаңдайды, әрдайым көмектесуге дайын. Менің ұстазым әрдайым балаларға уақыт табады, бәрімізді жақсы көреді. Ұстазым өте жарқын адам, бізге өмірде өз орнымызды табуға, ең жақсы қасиеттерімізді ашуға, дұрыс жол табуға көмектеседі. Мақпал апай бізге өз жанының жылуын, мейірімділік пен махаббатын береді. Апай қызықты сабақтар өткізеді. Сабағының бәрі түсінікті әрі қызықты болады және есте қалады. Мақпал апай бізге көмектесу үшін өз уақытын аямайды. Бірақ ең бастысы бұл емес, ең бастысы - Мақпал апайдың көмегімен біз нағыз жақсы мұғалімнің не екенін түсіндік. Мен кейін ересек адам боламын. Оқып сүйікті мамандығымды меңгеремін, бірақ мен сүйікті мұғалімім мен мектептегі мұғалімдерімді ұмытпаймын. Менің сүйікті ұстазым Отарбекова Мақпал Несипбалановна.

Жанерке СМАҒҰЛ,
М.Мәметова атындағы орта мектебінің 7-сынып оқушысы.

Келер күннің ұстасы

Ұстаз – келер күннің ұстасы. Жалғанда ұстаз көрмеген, я мұғалімнің алдында оқушы болмаған тұлға кемде-кем шығар. Біздердің бүгінгі болмысымыз әліппені жаттатқызып, қолға қалам ұстатқан кешегі ұстаздарымыздың еңбегі. Ұлағатты ой иелері де, арман оты жүрегінде алаулаған жеткіншектер де, парасатты қоғам қайраткерлері де бір адамға қарыздар. Ол – ұстаз. Өз ісіне берілген, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деген ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек.

Ел жақсысын еске алу – ұлтымыздың ұлы істерінің бірі. Қазақ қашаннан ақыны мен ардагерін ардақтап, аялай білсе, жалпы адамзат баласы алдында ұстаз еңбегінің алар мәртебесі зор. Саналы ғұмырының тең жартысын табан аудармай жас ұрпаққа білім беріп, тәрбие үйретуге арнаған мектебіміздің ардагер ұстаздары біздің жүрегімізден ерекше бір құрметпен орын алады. Өмір – өз өнегесімен өлшенеді. Адам өмірінің өлшемі – өмір сүрген күндерімен, жылдарымен емес, ғұмырындағы мәнді тірлігімен, елге тигізген пайдасымен, өнегелі істерімен өлшенетіні анық. Өзінің уақытын аямай, өзгенің уақытын аялай білген, талай шәкірттердің жүрегінен орын алып, тәлімді тәрбие берген мектебіміздің ардақты ардагер ұстаздары туралы айтпай кету мүмкін емес. Ол кісілердің жүріп өткен жолы кейінгі ұрпақ үшін үлгі. Мектепті өздерінің екінші үйіндей көріп, ал шәкірттерін өз баласындай тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатты. Бүгінгі таңда шәкірттері еліміздің дамуына үлкен үлесін қосып жүр. Оны ардагер ұстаздарымыздың зор еңбегі деп білуге болады. Жылдар бойы білім саласында тер төгіп, бүгінде бейнетінің зейнетін көріп, «ұстаз» деген ұлы есімге лайық болған жандар Сарқан ауданы, Екіаша орта мектебінің ардагер ұстаздары деп білемін. Олар: Рамазанова А.Р. Сыбаева Б.Ж. Бейбітбаева Т.М. Рымбаева Д.Ч. Хасенова З.Ж. Ақыжанова Б.А. Сартпаева Т.Ж. Қосаева С.М.Еженова А.Е. Исаева Н.Д. Жаксылыков Д.К. Кулькиева Ф.К. Касымханов Е.К. Сыдыкова Б.С. Жаксылыкова С.С. Зинченко П.И. «Гибрат алар артыңа із қалдырсаң, шын бақыт осы» деп Ш.Құдайбердіұлы айтпақшы бұл кісілерді шынайы бақыт иесі деп сөзсіз айтуға болады.

"Ұстаз" атты ұлы есім қашан да кісілік келбеті жоғары, сан мыңдаған шәкірттерге үлгі-өнеге, білім-тәрбие беретін, ізгілік нәрін төгетін ерен еңбектің иелері. Қай қоғамда да ұстаз құрметті орындардың төрінен табылады. Осындай құрметті мамандықтың иесі болып, ұлағатты ұстазға тән үлгі көрсеткен, талай шәкірттерінің адам болып қалыптасуына үлес қосып, тәлімді тәрбие берген аяулы ардагер ұстаздарымыздың мерейлері үстем, абыройлары асқақ болсын.

Ж.ШАРОВА,
Екіаша орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Қарттар-асыл қазынамыз

Қазақ халқы қашанда үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсеткен халық. Бүгінгі күні өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге көрсетіп, өмірде білген түйгендерін жастарға үйретіп, ақыл-кеңесімен бөлісіп отырған осы ақсақалды қарияларымыз бен ақ жаулықты әжелеріміз. Ақылы дария



қарттарымыздың мерекесін біздің елімізде ғана емес, әлемнің түкпір-түкпірінде атап өтіледі. «Жас жүрген жер мереке, қарт жүрген жер береке» демекші даналықтың алтын кілті, ауылымыздың берекесі мен мерекесі болып жүрген қарттарымызды «Жас Қыран», «Жас Ұлан» ұйымдарымен жетекшілік етіп, «Сарқан ауданының құрметті азаматы» Сабитов Ташболат атамның отбасын, зейнеткер ақ халатты абзал жан Жанболатова Алтын, еңбек ардагерлері Құрманғалиева Алтын, Алимova Тлеутай, Нұрғалиева Тілеубала, Алпысбаева Күнсипа, Қожимаевтар отбасын, Закариянова Секер, Жемелеева Төкен, Жаниева Бикен, «аналар кеңесінің» мүшесі Жунусова Арипжамал апаларымыз бен аталарымызды мерекеміз құттықтап, кішігірім жыр-шумақтарын арнап, алғыс хаттарды тарту еттік. Қарттарымыз дән риза болып, алғыстарын жаудырып, ақ бастасын берді. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» дей келе қазыналы қарттарымыз көп болсын, аман болсын, ал олардың қазынасы еңбегін бағалау, құрметтеу біздің парызымыз деп білеміз.

А.АЛЬДЕКЕНОВА,
М.Мәметова атындағы ОМ «Жас Қыран» ұйымының жетекшісі.

ЫР ӘКСПОНАТТЫҢ СЫРЫ



Көшпелі қазақ халқы ат үстінде ұрыс салуға және жаяу соғысқа ыңғайлы найза, садақ, қылыш, айбалта және шоқпар сияқты бес қарумен қатар қорғаныс мақсатында үстеріне сауыт киіп, қолдарына қалқан ұстаған. Қалқан – ауыр соққы мен ысқырған оқты денеге дарытпау үшін қолданылатын қарапайым қорғаныс құралы. Қазіргі қалқанға ұқсас қорғаныс құралдары алғашында тал немесе июге ыңғайлы басқа да шыбықтардан дөңгелене өріліп, жіптермен бекітілетін болған. Кейін бұл шыбық қалқандар сыртынан тері немесе матамен қапталды.

Уақыт өте келе ағаш қалқандар пайда болды. Мұндай қалқандар да сыртынан немесе ішінен терімен қапталды. Жалпақ, дөңгелек, ұзынша яғни түрлі формада болып келетін мұндай құралдардың темірмен құрсауланған түрлері де кездеседі. Кейін теріден жасау технологиясы дамыды. Тері қалқандар қалың теріден бірнеше қабаттап тұтас етіп жасалады. Нағыз шеберлердің қолынан шыққан мұндай қорғаныс құралдары ұзаққа шыдайтын. Қазақ жауынгерлері жай уақытта қалқанды қанжығаға, ердің қасына байлап жүретін болған. Шайқас кезінде шегіне ұрыс салып, артқа бұрыла садақ ату үшін қалқанды арқасына асып алатын болған. Бетпепет шайқасқа кіргенде қалқанды қолдарына ұстап соғысқан. Сарқан ауданының тарихы музейінде ХХІ ғ. былғары, темір, мыс пайдалана отырып дайындаған дөңгелек пішінді, өлшемі 65 x 65 см., дөңес түрінде соғылып жасалған қалқан САТМ нқ тк1-1531 нөмірімен сақталынған. Қалқанның орта тұсында кішілеу келген күмбезшілер шаршы тәрізді орнатылып олардың ортасында аттың жалынан жасалған шашбау орын алған, айналасы мыс пластиналармен әшекейленген.

Сарқан музейінің қорында қазақ халқының тұрмыстық заттары, жауынгерлік қорғаныс жарағы, Кеңес Одағының, Отан соғысының, азамат соғысының кезіндегі қару жарақтар мен тұрмыстық заттар сақталуда. Мұражай қорындағы құнды жәдігерлер келуші қонақтар мен туристерді күтуде.

Б.РАХМЕТОВА,
Сарқан ауданының тарихы музейінің қор сақтаушысы.

Ғстаз - ұлағатты есімі



Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Білім көшін жылжытып келе жатқан Екіаша орта мектебі ұжымын кәсіби мерекемен шын жүректен құттықтаймын!

Салтанат ЖАҚСЫЛЫҚОВА,
зейнеткер ұстаз. Екіаша ауылы.

Жарамсыз деп танылсын

Ожаров Қанат Ауелбековичтің атына тіркелген Сарқан ауданы, Амангелді а/о, Қарауылтөбе ауылында орналасқан 66,4000 га көлемді жердің (кад.№ 17-263-013-002), 40,5 га көлемді жердің (кад.№ 03-263-016-200) мемлекеттік тіркеу актілері жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Сағынып сізді іздейміз

Акибаева Бақыт Мырзаханқызының рухына

Жүрегімізден ерекше орын алған ардақты әпкеміз Бақыт Мырзаханқызы шығыстың киелі топырағында дүниеге келіп, асқақ арманмен Алматыдағы Қаз МУ-нің тарих факультетін бітіріп, өзінің саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнады. 1972 жылы туып-өскен ауылында «Қазақстанның 30 жылдығы» атындағы орта мектебінен алғашқы еңбек жолын бастап, 1976-1977 жылдары Сарқан ауданы Көктерек ауылына Ерболғановтар әулетіне келін болып түсіп М. Мәметова атындағы орта мектебінде еңбек жолын жалғастырады. Жолдасы Нұрбекпен бақытты ғұмыр кешіп, үш баласын оқытып, ұлын ұяға, қызын қияға құтты орындарына қондырып, немерелерінің ақылшы әжесі болады. Тумысынан сабырлы, байсалды қалпынан айнымай үлкен өмір жолына қадам басқанда да сол қалпынан өзгермеді. Қиындығы мен қуанышы қатар жүретін мектеп өмірінің қарбалас сәттерінде ұстаз да болып басшы да болып табанды еңбек етіп әріптестері мен шәкірттерінің алғысына бөлене білді. Өмірінің өзегі жүрегінің қалауы болған сүйікті ісі тақтан да қымбат болды. 40 жылдан астам еңбек сіңіріп, абыроймен зейнетке шығып, зейнетінің жемісін көріп, енді немерелерінің қызығын көрсем деп жүргенде мәңгіліктің мекеніне аттанып кетті. Жақсының аты өшпейді. Саналы ғұмырында мағыналы өмір сүрудің мәнін ұқтырған білімді ұстаз, білікті басшы, адал жар, қамқор туыс, нағыз әріптес бола білген ізгі жанның есімі мәңгі есімізде. Уақыт шіркінге тоқтам бар ма, өне-міне дегенше 40 күн де келіп жетті. Аяулы апатайым, сізге шерімді тарқатып, сырымды бөліскім келеді. Анам кеткелі, ойламаған жерден сіз кеткелі жанымға жұбаныш таба алмай жүрмін. Жалғызсырап қалғандаймын жүрегім сыздап сізді іздейді. Тек жарқын жүзіңізге қарап сағына, сарғая еске алып, дұға тілеуден басқа амал бар ма... Жаныңыз жаннатта, иманыңыз жолдас, жер бесігіңіз жұмсақ болсын.



Сізді сүйеу көруші едік жалғанда,
Құрақ ұшып қарсы алушы ең барғанда.
Сырымыз да мұңымыз да бір еді,
Сіз жарқырап ортамызда болғанда.
Асқақ еді тіршілікте арманың,
Ерінбедің, еңбектендің, талмадың.
Бір әулеттің тірегі боп сенімді,
Ағайынның ара жігін жалғадың.

Еске алушылар: Көктерек - Алматыдағы туған- туыстары.

Жан едіңіз ізгіліктен жаралған,
Шәкірттерің өзіңізден нәр алған.
Қош айтамыз Аяулы әпке амалсыз,
Есімізде қалады дара тұлғаң.
Қырық күн жанымыз жабырқаулы,
Ойменен атырамыз әрбір таңды.
Өзіңізбен бірге жүрген сол күндер,
Санамызда елес боп жаңғырады.

«Сарқанирригация» су шаруашылығы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының ұжымы

Елубеков Ермухан Бибосынұлының

қайтыс болуына орай жұбайына, балалары мен немерелеріне және жақын ағайын-туыстарына көңіл айтады.

Есен туған күн, мерекеңмен!

Қарауылтөбе ауылының тұрғыны, аяулы ана, асыл әже, мектебімізде ұзақ жылдар бойы еңбек еткен жоғары санаттағы бастауыш сынып мұғалімі, қадірлі әріптесіміз **Жексембекова Сандуғаш Назымбекқызын** 60-жасқа толған мерейлі жасымен құттықтаймыз. Сізді өмірден тоқығаны мол, кең ойлап, қамқор қолын ұсынып жүретін аяулы жан екеніңізді білеміз. Еңбек жолында қаншама шәкірттерге білім беріп, сол шәкірттеріңіздің алғысына бөленіп жүрген құрметті жансыз. Сізге шаңырағыңызға шаттық, баянды бақыт, зор денсаулық тілей отырып, өмірдің барлық қуанышын қызықтап, несібе дәулетіңіздің арта беруіне ақ тілегімізді білдіреміз.

Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз,
Бала-шаға қызығына кенеліп,
Ортамызда аман-есен жүріңіз!

Ізгі тілекпен: Қарауылтөбе орта мектеп ұжымы.



ХАБАРЛАНДЫРУ ОБЪЯВЛЕНИЕ

Орталықтағы жақсы үй сатылады, ішінде ыстық, суық су, душ, дәретхана, Аристон бар. Жазғы ас үйі (екінші үй) де бар. Гараж, монша салынған. Қос учаске – 14 сотық. Суаруы өте жақсы. **Хабарласыңыздар Жамбыл көшесі №18 (полициядан 2 квартал жоғары), тел.2-13-54, ұялы. 8700 2786020.**

Продам благоустроенный дом в центре, имеется горячая, холодная вода, душевая кабина, туалет, Аристон. Летняя кухня (второй дом). Гараж, баня, все хоз.постройки. Сдвоенный участок 14 соток. Полив отличный. **Обращаться ул. Жамбыла №18 (2 квартала выше полиции), тел.2-13-54, сот. 8700 2786020.**

Сарқан қаласының қоғамдастық мүшелерінің назарына!

Сарқан қаласының әкімдігі, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3 бабының 8 тармағына сәйкес, 2022 жылы 17 қазан күні, сағат 15:00-де, Сарқан қаласының әкімдігінің ғимаратында жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жиыны өткізілетіндігін хабарлайды.

Күн тәртібі:

1) Сарқан қаласына қарасты ДЭУ және ПМК шағын аудандарын Алмалы ауылдық округінің аумақтық бөлінісіне қосу жөнінде.

К вниманию членов местного сообщества!

Акима́т города Сарқан, согласно пункту 8, статьи 39-3 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» оповещает о том, что 17 октября 2022 года собрания местного сообщества пройдет в 15:00 часов в здании акимата города Сарқан.

Повестка дня:

1). О включении микрорайонов ДЭУ и ПМК, относящихся к городу Сарқан, в территорию Алмалинского сельского округа.

Тырналар қайтып барады...



Тырна жұп болып өмір сүреді және тірлігінде тек бір ғана «сүйіктісі» болады. Сол себепті де олар мәңгілік сүйіспеншіліктің символы болып саналады.

Бұл құстардың түп-тамыры тым әріде жатыр. Олар эоцен кезінен бастап (бұл шамамен 40-60 миллион жыл бұрынғы кез), динозаврлар дәуірінен бері тірлік етуде. Бұл құстардың тарихи отаны Солтүстік Америка саналады, ол жерден тырналар алдымен Азияға, кейіннен Африкаға және Австралияға қоныс аударған. Қазіргі уақытта тырна популяциясы әлем бойынша кең таралған, тек Антарктида мен Оңтүстік

Америкада кездеспейді.

Елімізде және ТМД елдерінде тырналар бейнеленген ескерткіштер көп. Бәріне тән ортақ идея — мезгілсіз өлімді бейнелеу.

22 қазан — Дағыстанның Мемлекеттік мейрамы — Ақ тырналар мерекесі. Атаулы күн соғыс кезінде ұрыс даласында опат болғандарды еске алу мақсатында 30 жылдан бері атап өтілуде. Бұл мерекенің бастамашысы — Дағыстанның халық ақыны Расул Ғамзатов. Неліктен ақ тырналар осы мерекенің символына айналды? Кавказда ұрыс даласында қаза тапқан жауынгерлер тырналарға айналды деген аңыз бар.

Жапонияның Хиросима қаласында Балаларға арналған бейбітшілік монументінде де тырна бейнеленген.

Үстінде үлкен қағаз тырнасы бар Садако ескерткіші бомбалаудың салдарынан өмірі ерте үзілген және жарылыстан зардап шеккен Хиросима мен Нагасаки балаларына арналған.

Кейіннен бұл оқиғаға арнап атақты ақын Расул Ғамзатов «Тырналар» поэмасын жазды.

Ғаламтордан.

Газеттің электронды нұсқасын <https://sarkan-gazeta.kz/> желілік басылымы сайтынан және



https://www.facebook.com/Сарқан_газеті,



<https://www.instagram.com/sarkangazeti/> әлеуметтік желілерінен оқи аласыздар.

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

SARQAN

Құрылтайшысы:

Директор - бас редактор
ИГИМАН Жомарт Мақатұлы

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы:
041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117
Телефон: 2-20-47, 2-23-53
e-mail:
lgiman01@mail.ru

Таралымы: 3048
Осы шығарылымның таралымы: 3048
Газет индексі: 35202,15202
Офсеттік басылым 1 баспа табақ
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.